

**Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ
ФАКУЛЬТЕТІ
«Неврология, психиатрия, наркология» кафедрасы**

**«БЕКІТЕМІН»
Жоғары оқу орнынан кейінгі
медициналық білім беру
факультеті деканы, к.м.н.
-----Ж.А.Жагипарова
« ____ » _____ 2026ж.**

**«Неврология, психиатрия, наркология» кафедрасының
2025 - 2026 оқу жылында
атқарылған тәрбие жұмысының жарты жылдық
ЕСЕБІ**

ШЫМКЕНТ 2026ж.

«Неврология, психиатрия, наркология» кафедрасының профессор-оқытушы құрамы 2025-2026 оқу жылында интерн-дер мен резиденттердің тәлім-тәрбиесіне көп көңіл аударуда. Интерн-дердің білмді де білікті дәрігер маман болуына, өз елінің мәдениетін салт дәстүрін ғұрыптайтын, елдің болашағы үшін алаңдайтын көзі ашық көкірегі ояу мәдениетті, тәрбиелі азамат болып өсуіне өз үлестерін қосуда.

Оқу жылының басында оқытушыларға жетекшілік ететін келесі топтар белгіленген.

Әр топ тәлімгері тәжірибелік сабақтар үстінде және өз топтарында тәлімгерлік жетекшілік жұмысын атқаруда. Оқу жылының басынан дәрігер-резиденттердің тұрмыстық жағдайын, айсайынғы сабақ үлгерімін, төлем ақы жөнінде бақылау жүргізіп отырады.

Қыркүйек айында кафедраның тәрбие жұмысының жоспары, тәлімгерлердің тәрбие жоспары, кафедрада өтілетін тәлімгерлік сағаттар уақыты бекітілді және резиденттер мен интерн-дерді құқығы мен міндеттерімен, оқу регламентімен, GPA балымен, емтихан ережелерімен таныстырылды. Сонымен қатар, №1 қалалық клиникалық ауруханасының әкімшілік тарапынан ұйымдастырылған аурухана ішкілік сенбілікке кафедрада білім алып жүрген резиденттер және интерн-дер, оқытушылардың жетекшілігімен, тазалық жұмыстарына белсене қатысты.

Толеранттылық мәдениетті қалыптастыру. Түбі бір түркі елдердің мерекелерін атап өту шаралары бойынша «Түркі тілдес елдердің толеранттық мәдениеті, салт дәстүрлері және әдет ғұрыптарының ұқсастығы мен ерекшеліктері» атты тәрбие сағатын доцент Тубанова М.А. резиденттер топтарымен өткізді. **Мемлекеттік тіл - Қазақстан халықтарын біріктіретін тіл.** Бұл тақырыптың мақсаты резиденттер мен интерн-дердің өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету, қазақ тілінің мәртебесін көтеру. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу.

Қымбатты оқытушылар мен білім алушылар! Міне біз бүгін бүкіл Қазақстан халқы болып «Қазақстан халқының Тілдері күні» мерекесін тойлағалы отырмыз. Біздің негізгі мақсатымыз сіздердің өз ана тіліне деген құрмет сезімдеріңізді арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы», біз ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету, қазақ тілінің мәртебесін көтеруіміз керек» деді Макира Тубанова.

Бүгінгі өткізгелі отырған **«Туған тілім- тірлігімнің айғағы»** тақырыбындағы іс – шарамыз 5-қыркүйек күнгі Қазақстан халықтарының тілдері мерекесіне қосылатын кішкене ғана үлес.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде атқарылатын іс-шаралар бағыты бойынша «Ұстаздар -ұлы тұлғалар атты» мерекелік күнге орай кафедра мүшелерімен құттықтау іс-шарасы өтілді. Онда кафедра оқытушысы Момынова Т.Ж. өз әріптестеріне арнап құттықтау баяндамасын жасады. «Дана халқымыз ұядан не көресін, ұшқанда соны ілерсің» демекші, «Ұстаздар жанұясы» болғанымыз мен үшін үлкен бақыт. Ұстаздан дәріс алмаған адам қазір жер бетінде жоқ десе де болар. Яғни ұстаз ұғымы туралы айта берсек әңгіме шексіз. Баяндама соңында кафедра меңгерушісі өз ыстық лебізін білдіріп әріптестерін құттықтады.

Оқытушы Байрамов З.Ә. кафедра резиденттерімен қарттар күнін атап өту бойынша «Қарттар асыл қазынам» атты тақырыпқа қарттар үйінде кеш өткізді.

Оқытушы Байрамов З.Ә, РНҚ-02-25 өз тобымен «Қарттар асыл қазынам» күніне орай қарттар үйіне барып өз ықыластарын білдіріп қайтты. Бұл – ата жолын жалғап келе

жатқан ақсақал аталарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміздің келіп жеткен мерекесі. 1-қазан күні біз ел болып қарттар күні мейрамын тойлаймыз. Асылы, үленді сыйлау, оларға құрмет көрсету- ата-бабамыздан келе жатқан қасиет салтымыз. Қарттар бар ел – қазыналы ел. Ендеше көпті көрген асыл қарттарымыз бақытты күн кешіп, қай кезде де халқына-сүйеу, жұртына қамқор болып, жүздерінен қуаныш пен күлкі кетпей, балалары мен немерелерінің қызығын көріп, аман- сау күн кешкей. Ал біз қолымыздағы алтынымыздың еш байлыққа тең келмейтін асылдарымыздың қадірін біліп, олардың барына шүкіршілік етейік. Атасыз үй – батасыз, ал анасыз үй – панасыз дейді қазақ. Осы күйге түсуден сақтасын бізді. Сонымен қатар кафедра оқытушы Айтмурзаева А.Н. резиденттермен **«Жетім көрсең жебей жүр»** атты жетім балаларға қамқорлық акциясына қатысты. Тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын жүргізіліп, білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол деп айтуымызға болады. Себебі, қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол – сол елдің білімінің дамуы болып табылады. Яғни, болашақта бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына ену міндеті бәсекеге қабілетті жас маман мойнына жүктелетін абыройлы да, жауапты міндет болып отыр. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі мемлекет тұтқасын ұстаушы білікті маман, ел тағдырын шешуші азамат.

Караша айында кафедрада **Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жол бермеу** шаралары бойынша **«Корупция ел болашағына қауіпті»** тақырыпта резиденттермен ОПҚ құрамы топ жиналысын өткізді. қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез-келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз екенін, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келетіні туралы айтып өтті.

Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың алдын, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды көптеген әртүрлі шаралар ұйымдастырылып жүзеге асырылып жатыр.

Сыбайлас жемқорлық тек құқық бұзушылық емес. Бұл мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді төмендетеді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіреді. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп, әрекет етуі керек. Кафедра меңгерушісі Абасова Г.Б сөз алып сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті екеніне тоқталды. Топ резиденті Бабаханов С.А. осы тақырып бойынша баяндама жасады.

Сонымен қатар **Азаматтық –патриоттық, құқықтық тәрбие** бойынша кафедра аға оқытушы Айтбембетова А.Б. резиденттермен **«10 қазан Дуниежузілік психиатрлар күніне»** мерекесіне арналған тәлімгерлік сағаттар өткізілді. Сөздің жалғасын кафедраның аға оқытушысы Ережепов Е.В., Дуниежузілік психиатрлар күні мерекесіне орай 1-2курс резидент психиатрларына мамандықтарының маңыздылығын атап өтті.

1 желтоқсан – Халықаралық невролог күні. Бұл күн адамның ең маңызды жүйесі – ми мен жүйке жүйесінің саулығын қорғап, өмір сапасын жақсартуға үлес қосып жүрген дәрігерлерге арналады.

Неврологтар жоғары дәлдікті, терең білімді және үлкен жауапкершілікті талап ететін аурулармен күн сайын күреседі. Қазақстанда неврологияның басталуы 1934 жылы Алматы қаласында Қазақ медицина институтының нерв аурулары кафедрасының ұйымдастырылуымен байланысты. Кафедрада 20 жылдан астам уақыт бойы талантты ұйымдастырушы және жетекші, профессор Евсей Моисеевич Стеблов қызмет атқарды. Ол бір көмекшімен және бір зертханашымен жұмыс істей бастады. Бірінші неврологиялық бөлімше 1896 жылы құрылған Алматы қаласындағы жедел жәрдем ауруханасының тарихымен тығыз байланысты. Ол Жетісу уезінің Верный қаласында 15 төсектік Қызыл Крест қоғамының ауруханасы ретінде ашылды. Осы уақытқа дейін неврология негізгі саланың бірі болып саналады, өйткені бұл мінсіз білімді, зейінді, дәлдікті қажет ететін медицинаның өте күрделі саласы. Осы уақытқа дейін ғалымдар неврологиядағы көптеген проблеманы мойындайды, көптеген науқастар тиімді емдеу әдістерін, неврологиялық аурулармен күресуге арналған препараттарды күтуде деп кафедра меңгерушісі баяндама жасады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруға байланысты өткізілетін іс-шаралар

бағыты бойынша әлеуметтік маңызды тақырыптарға: АИТВ(ЖИТС), нашақорлық, ішімдікке салыну, темекінің зияндығы, салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы білімгерлердің қатысуымен дәрістер, сұхбаттар өткізілді. Сұхбат барысында интерндер арасында оқу-тәрбиелік жұмыстарды жетілдіре отырып, факультеттің, кафедраның қоғамдық өміріне белсене қатысуын қамтамасыз етуге, іс-шаралар жоспарлау: ол үшін жеке тұлғаның тәрбиесінде денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын үнемі насихаттап «1-желтоқсан -ЖИТС –мен күрес күні» атты тақырыпқа кафедра оқытушысы Қуанышбаев Н. Ж. диспут ұйымдастырды. Іс-шара барысында бұл індеттің қандай ауру екендігі, адам ағзасына әкелетін өзгерістері, жұғу жолдары туралы айтылып кетті. Дәрігер-интерндер иен резиденттер өз ой-пікірлерін білдіріп, бұл індеттің алдын-алу шараларына да тоқталды. ЖИТС –еліміздің негізгі мәселелерінің бірі екендігі тағы да айтылып, «Салауатты Қазақстан» бағдарламасының аясында осы індетке шалдыққан науқастарға медициналық көмекті жақсартуға болашақ тәжірибеде атсалысуларына интерндерге нақыл сөздер айтылды.

Ай сайын кафедра мәжілісінде тәлімгер жұмысының қоғамдық, рухани, салауатты өмір салты, эстетикалық, құқықтық және патриоттық тәрбие мәселелері, сонымен қатар дәрігер-интерндер мен резиденттердің сабаққа қатысуы, үлгерімі мен оқу төлем акылары қаралып, келеңсіздіктерді жою жолдары талқыланып, деканатқа мәлімет беріліп отырды

Кафедра мәжілісінде қаралып, бекітуге ұсынылды

хаттама № «6» _16 қаңтар

Кафедра меңгерушісі м.ғ.к., доцент :

Абасова Г.Б.

Тәрбие жұмысына жауапты:

Бурышов С. М.

